

Өндірістік кеңестің

№1 хаттамасы

26.08.2023ж

қатысты-16

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы
2. Бала өмірімен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу
3. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығына шолу тексеру қорытындысы

Тыңдалды:

1. Мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Б.Оспанова сөз алды. Өткен кеңес отырысының шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Мәселе бойынша балабақша медбикесі М.Латипова сөз алды. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша баланың салауатты өмір салтын құру. Баланың тек психологиялық жеке дара ерекшеліктерін ғана емес, оны қоршаған ортамен жанұясы қолдап отыруы қажет. Қазақстанда салауатты өмір салтын дамытудың бастамасы мектепке дейінгі жастағы балалардың денсаулығын сақтау және қорғау болып сақталады. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу.
3. Мәселе бойынша стандарт талаптарына сай топтарды біршама жабдықтадық енді 2023-2024 оқу жылында топтарды гүлдендіру керек. Гүлдер мен бөлме өсімдіктерін, ағаш егіп балабақшамызды көркейтуіміз керек. Бұл іс-шараға ұжым ғана емес сонымен қатар әр ата-ана қатысуы керек. Ата –аналармен тығыз байланыс жасауымыз қажет. Жаңа оқу жылында балабақшамен қоштасатын балалардың тізімін анықтау және балабақшаға келетін балалар тізімін анықтауымыз қажет. Кезекте тұрған балаларды балабақшамызға қабылдаймыз.

Шешімі:

1. Балабалдың денсаулығын қорғау мақсатында берілген нұсқау бойынша жұмыс жүргізілсін.
2. Балабақшаға келетін балалар тізімі тапсырылсын
3. Тәрбиешілер өз топтарын стандарт талаптарына сай жабдықтасын.
(көрнекіліктер, гүлдер)

Төрайымы:

Хатшысы:



Б.Оспанова
Н.Қожаева

Өндірістік кеңестің

№2 хаттамасы

12.12.2024ж

қатысты-16

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы
2. Жылу мәселесі
3. Жаңа жыл ертеңгіліктерінде қауіпсіздікті сақтау ережелерін орындау

Тыңдалды:

1. Мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Б.Оспанова сөз алды. Өткен кеңес отырысының шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Балабақшадағы жылу мәселесі бойынша меңгеруші Б.Оспанова сөз алды. Қысқы мерзімге от жағуға дайын, құрғақ отын (көмір) алынды. Медбике М.Латипова әр топтарда мед кабинетте, қабылдау бөлмесінде, жатын бөлмеде, топтарда термометр бар. Күнделікті бөлме температурасын жазып алуда. Апталық қорытынды бойынша топ 20 С, қабылдау бөлмесі 18 С, медбике кабинеті 18 С – ты құрауда. Әржұма аудандық білім бөліміне жылу жөнінде мәлімет тапсырудамыз.
3. Мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Мұстафа сөз алды. Әр топтардың жаңа жыл ертеңгілігінде балалардың қауіпсіздігін сақтау. Пирамиданы қолдану. Шыршаны айналған кезде түрлі лампаларға абайлау қажет екендігін айтып өтті.

Шешімі:

1. Жылу қалыпты 20 С сақталсын
2. Жаңа жыл ертеңгілігінде қауіпсіздік ережелері сақталсын.

Төрайымы:

Хатшысы:



Б.Оспанова
А.Мұстафа

Өндірістік кеңестер

№3 хаттамасы

14.03.2024ж

катысты – 16

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы
2. Күннің екінші жартысын ойын сауықтыруларды түрлендіру арқылы жандандыру пікір алмасы.
3. Ата-аналарға арналған ақпараттық көрнекілік ретінде ашылмалы папкаларды пайдалану.

Тыңдалды

1. Мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Мұстафа сөз алды Күннің екінші жартысын ойын сауықтыруларды түрлендіру арқылы жандандыру. Эстафеталық сайыстар ұйымдастыру отбасылық сайыс өткізу. Балалардың жазғы тынығуы түрлі болғанымен мақсат бір. Балаларды тынықтыру денсаулығын нығайту білімін кеңейту, тәрбиелеу. Осы мақсат міндеттерді орындау үшін түрлі жұмыстарды ұйымдастырады. Жұмыстардың негізі болып ойындар табылады. Сол ойындардың түрлері: өз ұйынды тап, жүгіріп қағып алу, жағалауға қарай жүгір. Тәрбиеші А.Шеринбекова сөз алды осы қимылды ойындардың бала тәрбиесіндегі алатын орны ерекше екендігін айтып өтті.
3. Мәселе бойынша тәрбиеші С.Серікбаева сөз алды ата-аналарға арналған ақпараттық көріністік ретінде ашылмалы папкаларды дайындау және ата-аналар мен жұмыс жүргізу.

Шешімі:

1. Күннің екінші жартысында ойын сауықтаруларды түрлендіріп жандандырылсын.
2. Ата-аналармен жұмыс жүргізілсін.

Төрағасы:
Хатшысы:



Б.Оспанова
А.Мұстафа

Өндірістік кеңестер

№4 хаттамасы

10.05.2024ж

қатысты – 16

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
- 2.Жазғы сауықтыру негізіндегі балалар денсаулығын нығайту шаралары
- 3.Іш ауруларының алдын алу. Медицина кеңестері
- 4.Жазғы жөндеу жұмыстары туралы.

Тыңдалды

- 1.Мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Б.Оспанова сөз алды. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. мәселе бойынша әдіскер М.Бабақанова сөз алды. Жазғы сауықтыру кезіндегі балалар денсаулығын нығайту шаралары бойынша жоспар түзіліп сол жоспарға сай жұмыс жүргізілетінін айтып өтті.
3. мәселе бойынша медбике сөз алды. Ол іш аурулары және оның алдын алу шаралары жөнінде баяндама оқыды.
4. мәселе бойынша шаруашылық меңгерушісі Е.Альтаев сөз алды. Ағымдағы жөндеу сырлау,әктеу туралы айтып өтті.

Шешімі:

- 1.Жазғы сауықтыру жұмыстары жоспарға сай жүргізілсін.
- 2.Балалардың денсаулығына мұқият болу
- 3.жазғы жөндеу жұмыстары демалыс кезінде жүргізілсін.

Төрағасы:

Б.Оспанова

Хатшысы:

М.Бабақанова

